

УДК: 372.854: [378.662 + 376]

МРНТИ: 31.01.45

<https://doi.org/10.51889/1728-8975.2023.75.1.005>

*А.А. Ахметова, А.Ж. Утемисова, А.С. Ауезханова*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

## **МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА 8-СЫНЫПТА ХИМИЯНЫ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ**

*Аңдатпа*

Қазіргі заманғы инновациялық білім беру тұжырымдамасына сай мүмкіндігі шектеулі балалардың физикалық және психикалық ерекшеліктеріне қарамастан әдепкі балалармен бірге толыққанды білім алуын жан-жақты қамтамасыз ету заман талабының өзекті мәселелерінің бірі.

Мақалада мүмкіндігі шектеулі балалардың жетілу кемістігінің шартты түрін ескере отырып, жалпы білім беру деңгейінде химия пәні бойынша қажеттіліктері қарастырылған. Әрбір бала үшін түзету-дамыту жұмыстарының жеке бағдарламаларын жасау керектігі көрсетілген. Ерекше білім беруді талап ететін тұлғаларды жалпы білім беру процесіне қосу аясында оларды психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру, мүмкіндіктері шектеулі балаларды кіріктіре оқыту және инклюзивті білім беру негіздеріне сай оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу қажеттілігі көрсетілген.

Мақаланың мақсаты инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту нәтижелерін бағалау және мониторингілеу жүйесін әзірлеу. Сондай-ақ білім алушының оқу жетістіктерін бағалаудың критериалды жүйесін бейімдеу.

**Түйін сөздер:** инклюзивті оқыту әдістемесі, мүмкіндігі шектеулі балалар, химия пәні, түзету-дамыту әдіс-тәсілдері.

*Ахметова А.А., Утемисова А.Ж., Ауезханова А.С.*

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан*

## **ОСНОВНЫЕ КОНЦЕПЦИИ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБУЧЕНИЯ ХИМИИ В 8 КЛАССЕ ДЛЯ ДЕТЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ ЗДОРОВЬЯ**

*Аннотация*

В соответствии с современной концепцией инновационного образования одним из актуальных проблем современности является всестороннее обеспечение полноценного обучения детей с ограниченными возможностями здоровья с обычными детьми независимо от их физических или психических особенностей.

В статье рассматриваются потребности детей с ограниченными возможностями здоровья по химии на уровне общего образования с учетом условного типа нарушения зрелости. Показано, что для каждого ребенка необходимо разработать индивидуальные программы коррекционно-развивающей работы. Указана необходимость организации психолого-педагогического и социально-педагогического сопровождения лиц с особыми образовательными потребностями в рамках включения их в общеобразовательный процесс, разработки учебно-методического комплекса по основам интегрированного обучения детей с ограниченными возможностями здоровья.

Целью статьи является разработка системы для оценки и мониторинга результатов обучения детей с особыми потребностями в контексте инклюзивного образования. А также адаптация критериальной системы оценки учебных достижений обучающихся.

**Ключевые слова:** методика инклюзивного обучения, дети с ограниченными возможностями, предмет химия, коррекционно-развивающие методы и приемы.

A.A. Akhmetova, A.Zh. Utemissova, A.S. Auyezkhanova,  
Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## BASIC CONCEPTS OF INCLUSIVE CHEMISTRY TEACHING IN THE 8TH CLASS FOR CHILDREN WITH LIMITED HEALTH OPPORTUNITIES

### Abstract

In accordance with the modern concept of innovative education, one of the urgent problems of modernity is the comprehensive support of the full education of children with disabilities with ordinary children, regardless of their physical or mental characteristics.

The article discusses the needs of children with disabilities in chemistry at the level of general education, taking into account the conditional type of maturity. It is shown that for each child it is necessary to develop individual programs for correctional and developing work. The need to organize psychological, pedagogical and socio-pedagogical support of persons with special educational needs in the framework of including them in the general educational process, the development of the educational and methodological complex on the basics of integrated teaching children with limited health opportunities.

The purpose of the article is to develop a system for evaluating and monitoring the results of teaching children with special needs in the context of inclusive education. As well as adaptation of the criterion system for evaluating educational achievements of students.

**Keywords:** methods of inclusive education, children with disabilities, subject chemistry, correctional and developmental methods and techniques.

**Кіріспе.** Латын тілінде *includo* сөзінің бір мағынасы «қосу», «орналастыру». «Инклюзия» термині қоғамға нормадан әртүрлі ауытқулары бар адамдарды енгізу процесіне қатысты қолданылады.

Әрбір адамның физикалық немесе психикалық ерекшеліктеріне қарамастан білім мен кәсіби дағдыларды меңгеруге қол жеткізуге кепілдік беру қажеттілігі халықаралық деңгейде мойындалған. Көптеген елдер мүгедек балаларды қарапайым мектептерде оқытуды ұйымдастыру арқылы арнайы білім беру жүйесін трансформациялау идеясын белсенді түрде алға жылжытуда [1].

1994 жылы маусымда ЮНЕСКО-ның қолдауымен Испанияда өткен ерекше қажеттіліктері бар адамдарды оқыту жөніндегі дүниежүзілік конференцияда мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудың инновациялық білім беру тұжырымдамасы ұсынылды. Соның нәтижесінде инклюзивті білім беру қағидаттары туралы Саламанк декларациясы қабылданды. Бұл декларацияның негізгі мәні әрбір баланың қайталанбас қабілеттерін дамытуға жағдай жасау болып табылады [2].

Балаларға инклюзивті білім берудің негіздері әрбір оқушының этникалық, тілдік, психикалық, физикалық және басқа да жеке ерекшеліктеріне қарамастан білімге қол жеткізуге кепілдік беретін оқу үдерісін ұйымдастыруды болжайды. Бұл ретте балалар өздерінің жеке қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылған, олар үшін қажетті жағдайлар жасалған қарапайым мектептерде өз құрдастарымен тең дәрежеде жалпылама білім беру процесіне қатысады [3].

Инклюзияның маңыздылығы – мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығына байланысты проблемаларына қарамастан қарапайым балалардың қатарында ауыртпалықсыз болуына мүмкіндік беру [4].

Дамуында кемістігі бар балалар шартты түрде сегіз топқа бөлінеді:

1. Саңыраулық. Туылғаннан немесе ерте жастан саңырау балаға акустикалық құралдарды қолдануға баса назар аударатырып, арнайы дайындық қажет. Соның арқасында ол белгілі бір дәрежеде сөйлеу дағдысын игере алады. Есту қабілетінен толық айырылған балаларға арналған білім беру бағдарламасына дыбысты түзету, себеп-салдар байланысын дамыту, әлеуметтік бағыттылық сияқты салалар кіреді.

2. Есту қабілетінің нашарлығы. Мұндай балаларды оқыту барысында мұғалімдерге олардың басқа біреудің сөзін ерін арқылы түсіну, ақпаратты көзбен қабылдау, оқуға және басқалармен сөйлесуге үйрету қабілеттерін дамыту қажет болады.

3. Көру қабілетінің нашарлығы немесе көру қабілетінің толық болмауы.

4. Көру өткірлігі 0,05-тен 0,4-ке дейін түзету мүмкіндігі бар балалар. Оқыту жаңа ақпаратты игеруді жеңілдететін тифлотехника мен арнайы дидактикалық материалдарды қолдану арқылы жүргізіледі.

5. Сөйлеудің фонетикалық-фонематикалық дамымауы және мылқаулық.

6. Тірек-қимыл аппаратының бұзылуы. Мұндай балалармен жұмыс істегенде қозғалыс функцияларын қалпына келтіруге және қайталама ақауларды түзетуге баса назар аударылады.

7. Психикалық функцияның бұзылуы. Танымдық процестердің төмен деңгейі фонында мұғалімдер білім алу және меңгеру дағдыларын, сөздік және логикалық ойлауды дамытуы қажет болады.

8. Ақыл-ой кемістігі. Мұндай балаларды санауға, оқуға және жазуға үйретуге болады, соның арқасында бала қоғамға араласа алады [5].

Химия – материалдық дүниенің алуантүрлілігін зерттейтін ең қызықты ғылымдардың бірі. Химияны инклюзивті оқыту барысында білім сапасының жоғары пайызына жету үшін мүмкіндігі шектеулі балаларға да, дарынды балаларға да сезімтал, зейінді болу керек [6].

Мұғалімнің мақсаты – балаларды әртүрлі әдістер мен тәсілдерді пайдалана отырып:

- логикалық ойлауға;
- сауатты және түсінікті баяндауға;
- арифметикалық есептеулерді дұрыс және жылдам орындауға;
- ақпараттың үлкен көлемін жеңіл түрде есте сақтауға мүмкіндік беру [7].

Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың көпшілігінде оқу іс-әрекетіне ынтасының жетілмегендігіне байланысты танымдық белсенділік деңгейі төмен. Демек, танымдық белсенділікті арттыру үшін оқытудың белсенді формаларын, әдістері мен тәсілдерін іздестіру және пайдалану мұғалім жұмысындағы түзету-дамыту үдерісінің тиімділігін арттырудың қажетті құралдарының бірі болып табылады [8].

Жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектеулі балаларды 8-сыныпта химия сабағында инклюзивті оқытуды бейімдеудің негізгі тұжырымдамалары:

■ Оқу материалы балаға ыңғайлы болуы керек. Мұғалім баланы мазмұнымен таныстыру үшін мәтіннің жеке бөліктерін маркермен ерекшелей алады.

■ Негізгі тақырыптар бойынша жазбалар алу үшін карталарды пайдалануға болады.

■ Иллюстрациялары бар мәтін қажет. Мәтінді оқымас бұрын баланы келесі орындайтын тапсырмамен таныстыру керек. Мәтінді шағын мағыналық бөліктерге бөлуге болады.

■ Мәтіндегі сұрақтар мен тапсырмалар нақты, анық және ақпаратты түсінуге бағытталған болуы керек.

■ Оқушыларға мазмұны, орындалу формасы бойынша таңдауға болатын тапсырмаларды ұсынған дұрыс.

■ Жұптық, топтық жұмысты қамтамасыз ету. Бала құқықтарына нұқсан келтіретін ережелерді өзгерту.

■ Жұмыстың нақты алгоритмдерін ұсыну керек.

■ Сабақ барысында оқушылардың белсенділігінің өзгеруін, белсенді жұмыстың демалыспен алмасуын қамтамасыз ету керек.

■ Бала күйзеліс жағдайында болса, сыныптан шығып, «тыныш аймақта» болуы керек.

■ Көрнекі құралдарды міндетті түрде қолдану керек.

■ Периодтық жүйенің құрылысымен тануысу барысында әртүрлі дидактикалық ойын түрлерін қолдануға болады.

▪ Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластарын қарастырған кезде компьютерлік ойын технологияларын қолданып, мүмкіндігі шектеулі балалардың бұл процеске белсенді түрде қатысуына мүмкіндік жасау керек.

▪ Химиялық қосылыстардың массасын, көлемін, зат мөлшерін есептеу барысында мүмкіндігі шектеулі балаларға алдын-ала арнайы үйлестірілген материалды дайындау керек [9].

Қазіргі таңда ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар бейімдей алатын зертханалық модельді әзірлеуге баса назар аударылып жатыр. Виртуалды зертханадағы оқу үдерісін белгілі бір білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға ұсыну жолдары қарастырылуда. Соның нәтижесінде әзірленетін виртуалды зертханалық модель ең алдымен есту және көру қабілеттері, тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдарға арналады [10].

Сабақтардың стандартты емес түрлерін қолдану кездейсоқ емес, жүйелі, оқытылатын материалмен тығыз байланысты болса, онда мұндай әрекеттердің фонында оқушылар теориялық материалды, мысалдар мен есептерді шығару жолдарын жеңілдірек түсінеді. Олар танымдық және тәрбиелік функцияларды орындайды. Сол арқылы оқушылар алған білімдерін күнделікті өмірде қолданады және шешім қабылдау мен пайымдаудың жаңа әдістерін ашады [11].

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Мүмкіндігі шектеулі балаларға 8-сыныпта химияны инклюзивті оқыту барысында оқу мақсаттарына сай оқыту жоспары мен әдіс-тәсілдері құрастырылды. Педагогикалық эксперимент Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сатпаев 101 мекенжайында орналасқан №65 жалпы білім беру мектебінде 2021-2022 жылдары аралығында 8 «А» - сыныбында жүргізілді. Өткізілген сабақ саны аптасына – 2 сағат, жылына – 68 сағат.

Кесте 1 – Қышқылдар тақырыбы бойынша сабақты оқыту жоспары мен әдіс-тәсілдері


Сабақтың кезеңі / Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті	
		Жалпы білім беретін сыныптың балаларына арналған	Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған
Сабақтың басталуы 5 минут	Ұйымдастыру уақыты: Мұғалім «Жасап ал» әдісі арқылы оқушыларға қышқылдардың атаулары жазылған карточкаларды ұсынады. Олардың міндеті, қышқылдардың химиялық формуласы бойынша, арнайы конструкторлардың көмегімен олардың модельдік құрылысын құрастыру, сол арқылы сыни тұрғыдан ойлау және жаңа материалды одан әрі меңгеру үшін ойлау қабілеттерін пайдалану.	Оқушылар өздеріне берілген қышқылдардың атаулары және атомдардың модельдік құрылымдары жазылған карточкаларды пайдалана отырып, қышқылдардың модельдік құрылымын құрайды және оларды атайды.	Оқушылар өз тобымен бірге үлестірілген карточкалармен жұмыс жасайды және қышқылдардың үлгісін құрастыруға көмектеседі
11 мин	Мұғалім «Айырмашылығын тап» әдісі арқылы оқушыларға қышқылдардың атаулары жазылған алдын ала дайындалған карточкаларды таратады. Олардың міндеті осы қышқылдарды жіктелуі бойынша бөлу: оттегінің	Оқушылар берілген қышқылдардың классификациясына қарай бөлу керек: құрамындағы оттегі, сутегі атомының мөлшері, ерігіштігі (суда), күші (диссоциациялану дәрежесі). Сондай-ақ	Өз тобымен бірге оларға берілген қышқылдардың классификациясы бойынша жіктейді (қышқылдардың жіктелуі және олардың атаулары үшін жеке кесте беріледі)

	мөлшері бойынша, сутегі атомының мөлшері бойынша, ерігіштігі бойынша (суда), күші бойынша (диссоциациялану дәрежесі). Сондай-ақ олар тізімдегі барлық қышқылдарды атайды.	олар жазылған барлық қышқылдарды атайды.	
Сабақтың ортасы 19 мин	Мұғалім «Мені тап» әдісі арқылы «Jenial.ly» цифрлық бағдарламасын пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық ойлауын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, сол арқылы қышқылдық-негіздік ортадағы көрсеткіштерге байланысты сұрақтарға жауап бере отырып, оқушылар Қазақстанның географиялық картасынан күкірт қышқылын, фосфорлы тыңайтқыштарды, азотты тыңайтқыштарды, фосфор өндіру орталықтарын көрсету керек	Оқушылар Қазақстанның географиялық картасын ашып, Қазақстандағы күкірт қышқылы, фосфор тыңайтқыштары, азот тыңайтқыштары, фосфор өндіретін орталықтарды көрсетуі керек.	Оқушылар Қазақстанның физикалық картасымен жұмыс жасайды (Қазақстандағы қышқыл кен орындарының жеке кестесі берілген)
4 мин.	Мұғалім «Ойлау» әдісі арқылы «Quizshow» цифрлық бағдарламасын пайдалана отырып өтілген материалды бекіту мақсатында оқушыларға сұрақтар береді.	Оқушылар Quizshow цифрлық бағдарламасы арқылы сұрақтарға жауап береді	«Quizshow» цифрлық бағдарламасы арқылы арнайы құрастырылған жеңіл сұрақтарға жауап береді.
4 мин	Мұғалім «Unreal chemist» мобильді қосымшасын пайдалана отырып, оқушыларға қышқылдармен онлайн зертханалық жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді	Алдын ала жүктелген «Unreal chemist» қосымшасын пайдаланып, оқушылар қышқылдармен ( HCl , H <sub>2</sub> SO <sub>4</sub> ) онлайн тәжірибелер жүргізеді.	Алдын ала жүктелген «Unreal chemist» қосымшасын пайдаланып, оқушылар қышқылдармен ( HCl , H <sub>2</sub> SO <sub>4</sub> ) онлайн тәжірибелер жүргізеді.
Сабақтың соңы Рефлексия 2 мин	Мұғалім «Survio» цифрлық бағдарламасы арқылы оқушылардың онлайн сауалнамаларына сілтеме таратады, сол арқылы рефлексия жүргізеді.	Оқушылар сауалнама сұрақтарына жауап береді, сол арқылы сабақтың қалай өткені туралы өз бағаларын береді.	Оқушылар сауалнама сұрақтарына жауап береді, сол арқылы сабақтың қалай өткені туралы өз бағаларын береді.

**Зерттеу нәтижелері мен оларды талдау.** Құрастырылған оқыту жоспарына сай жалпы білім беретін сыныптың оқушылары мен инклюзивті білім алатын мүмкіндігі шектеулі оқушының арасында сабақ барысында жақсы қарым-қатынас орнады. Өйткені сабақтың барлық кезеңінде топтық жұмыс орын алды. Бұл оқушылардың бірін-бірі жақсы танып, көмек көрсетіп, түсіндіріп, ортақ деңгейде білім алуларына мүмкіндік туғызды.

Сабақтың соңында «Survio» цифрлық бағдарламасы арқылы алынған сауалнамаға 20 оқушы катысып, сауалнама сұрақтарына жауап берді. Тақырыпты меңгеру барысында оқушылардың

35%-да ешқандай қиындық болған жоқ, 25%-да химиялық реакциялармен жұмыс жасау барысы қиындық туғызды, 20%-да теориялық тұрғыдан қиындықтар болса, қалған 20%-да уақыттың аздығы тапсырманы орындауға қиындық туғызды.



Сурет 1 – Педагогикалық эксперимент барысында «Survio» цифрлық бағдарламасында алынған «Жаңа тақырыпты үйрену кезінде қандай қиындықтар туындады?» деген сауалнама

### Қорытынды.

1. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында оқыту теориясында мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттеуде айтарлықтай тәжірибе жинақталғанын, бұл оқушыларды оқытудағы қиындықтардың жеке сипатын растайтынын, оларды жоюда жеке-жеке тәсілді қолдануға алғышарттар жасайтынын айтуға мүмкіндік береді.

2. Психикалық дамуы тежелген балалар үшін «жақын даму аймағына» бағытталған оқыту ең тиімді болып табылады.

3. Химия пәні оқушылардың даму қиындықтарын түзетудің ерекше құралы ретінде зерттеу дағдыларын дамытуға дидактикалық мүмкіндіктер береді.

4. Химия сабақтарын өткізуге ұсынылған әдістемелік тәсіл ауқатты және оқушылардың жеке басының дамуына мынадай ықпал етеді:

- мотивациялық саланы арттыру;
- оқушылардың оқу деңгейін арттыру;
- өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі түзету дағдыларын жетілдіру

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Щукина, Г.И. *Активизация познавательной деятельности учащихся в учебном процессе.* – М.: Просвещение, 2015. – 160 с.

2. Иванова Е.В., Мищенко Г.В. *Коррекция и развитие эмоциональной сферы детей с ограниченными возможностями здоровья.* – М.: Национальный книжный центр, 2016. – 112 с.

3. Черкасова Е.Л., Моргачёва Е.Н. *Выявление особых образовательных потребностей у школьников с ограниченными возможностями здоровья на уровне основного общего образования.* – М.: Национальный книжный центр, 2016. – 163 с.

4. Зимонина Л.П. *Инклюзивное обучение химии в условиях общеобразовательной школы,* 2016. – 116 с.

5. Бордовская, Н.В. *Современные образовательные технологии / Н.В. Бордовская, Л.А. Даринская.* - М.: Кнорус, 2017. – 269 с.

6. Селевко Г.К. Технологии воспитания и обучения детей с проблемами. М.: НИИ школьных технологий, 2015. – 144 с.

7. Чернобелская, Г.М. Методика обучения химии в средней школе. /Г.МюЧернобелская – М.: ВЛАДОС, 2017. – 197 с.

8. Габриелян О.С., Березкин П.Н., Ушакова А.А. и др. Химия. 8 класс: контрольные и проверочные работы к учебнику О.С. Габриеляна «Химия. 8 класс. Базовый уровень» / О.С. Габриелян, П.Н. Березкин, А.А. Ушакова и др. – 2-е изд., стереотип. – М.: Дрофа, 2015. – 220 с.

9. Семенова, Л.Э. Психологическое благополучие субъектов инклюзивного образования: учебно-методическое пособие, 2019. – 84 с.

10. Gavronskaya Yu., Larchenkova L., Kurilova A. Gorozhanina E. Virtual lab model for making online courses more inclusive for students with special educational needs / *International Journal of Emerging Technologies in learning*, 2021, 16(2), 79-94 p.

11. Гончарова, В.Г. Комплексное медико-психолого-педагогическое сопровождение лиц с ограниченными возможностями здоровья в условиях непрерывного инклюзивного образования: монография / Гончарова В.Г., Подопригора В.Г., Гончарова С.И., 2015. – 248 с.

#### References:

1. Schukina, G.I. Activation of cognitive activity of students in the educational process. – М.: Enlightenment, 2015. – 160 p.

2. Ivanova E.V., Mishchenko G.V. Correction and development of the emotional sphere of children with disabilities. – М.: National Book Center, 2016. – 112 p.

3. Cherkasova E.L., Morgacheva E.N. Identification of special educational needs of schoolchildren with disabilities at the level of basic general education. - М.: National Book Center, 2016. – 163 p.

4. Zimonina L.P. Inclusive teaching of chemistry in a general education school, 2016. – 116 p.

5. Bordovskaya, N.V. Modern educational technologies / N.V. Bordovskaya, L.A. Darinskaya. - М.: Knorus, 2017. – 269 p.

6. Selevko G.K. Technologies of education and training of children with problems. М.: Research Institute of School Technologies, 2015. – 144 p.

7. Chernobelskaya, G.M. Methods of teaching chemistry in high school. / G. MyuChernobelskaya - М.: VLADOS, 2017. – 197 p.

8. Gabrielyan O.S., Berezkin P.N., Ushakova A.A. etc. Chemistry. Grade 8: control and verification work for the textbook by O.S. Gabrielyan "Chemistry. 8th grade. Basic level" / O.S. Gabrielyan, P.N. Berezkin, A.A. Ushakova and others - 2nd ed., stereotype. – М.: Bustard, 2015. – 220 p.

9. Semenova, L.E. Psychological well-being of subjects of inclusive education: teaching aid, 2019. – 84 p.

10. Gavronskaya Yu., Larchenkova L., Kurilova A. Gorozhanina E. Virtual lab model for making online courses more inclusive for students with special educational needs / *International Journal of Emerging Technologies in learning*, 2021, 16(2), 79- 94 p.

11. Goncharova, V.G. Comprehensive medical, psychological and pedagogical support for persons with disabilities in conditions of continuous inclusive education: monograph / Goncharova V.G., Podoprigora V.G., Goncharova S.I., 2015. – 248 p.